

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ  
Ақтөбе облысы филиалы

**АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

Тақырыбы: «Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы»

Орындаушы: Тілеулесов Бек Молдағалиұлы -  
Шалқар ауылдық округінің әкімі

Ақтөбе қаласы 2024 ж.

Кілт сөздер: ауыл, ауыл халқы, инфрақұрылым, ауылдық-елді мекен

## **КІРІСПЕ**

Шалқар ауылдық округіне 2 елді мекен Жылтыр, Талдықұм ауылдары қарайды. Жер көлемі 584,2 мың га. Халық саны - 662 адам, 150 отбасы. Жылтыр елді мекенінде 578 адам, 102 тұрғын үй, Талдықұм елді мекенінде 84 адам, орталығында 12 тұрғын үй бар. Экономикалық белсенді халық 450 адам.

Жылтыр ауылын құм басу бойынша мәселе туындап, тұрғындар тарапынан шағым түскен болатын.

Ағымдағы жылдың ақпан айында аталған мәселені шешуге жергілікті бюджеттен 7 млн теңге қаражат бөлінді. Конкурс жарияланып, мердігер жеке кәсіпкер ип «Аманбаев» анықталып, Жылтыр ауылындағы құм басқан тұрғын үйлер аумағын құмнан тазарту жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстар нәтижесінде жоспарланған Ардагер көшесі бойындағы тұрғын үйлердің айналасы тазартылып шығарылды. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, Жылтыр ауылындағы құм көшкінінің алдын алу мақсатында «Үлкен Борсық орман және жануарлар дүниесі қорғау» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлері Жылтыр ауылының шығыс жақ беткейіндегі қоршалған 20 га аумаққа құмға төзімді 25 мың түп жүзгін, сексеуіл, жиде көшеттерін егу жұмыстарын жүргізілді. Сонымен қатар аталған аймаққа көктемгі көгалдандыру бойынша 300 түп қараағаш көшеттері сатып алынып егілсе, демеушілер тарапынан 250 түп жүзгін егілді. 2023 жылы қазылған 20 га аумақтағы екі құдық арқылы көшеттер суарылуда.

## **Негізгі бөлім**

Ағымдағы жылдың маусым айында «Шалқар аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мекемесі тапсырысы бойынша Жылтыр ауылындағы Самал көшесі асфальтталды. Жоба құны 73,0 млн теңге мердігер ЖШС ЛИДЕР НС СТРОЙ мекемесі. Қазіргі таңда «Цифрлық Қазақстан» жобасы аясында Талдықұм ауылына мобильді байланыс жүйесін орнатуға жұмыстар жүргізілуде. «Туған жерге тағзым» аясында Талдықұм ауылы азаматтарының демеушілігімен қаражат жиналып антенна конструкциясы жабдықтары алынып құрастырылу жұмыстары атқарылуда. 2023-2024 жылға Ақтөбе облысының аумағында байланысты дамытуды іске асыру жөніндегі "Қолжетімді интернет" ұлттық жобасын және Жол картасын іске асыру шеңберінде іс-шаралар жоспарына сәйкес Шалқар ауылдық округі аумағындағы мобильді интернетпен қамтамасыз ету бойынша Шалқар – Ырғыз жол бойынан АМС қондыру үшін 3 нүкте анықталып, жер құжаттары рәсімделді. 2024

жылдың тамыз айында жергілікті бюджеттен сексеуіл қоршауын жөндеуге 2 млн қаражат бөлініп ұзындығы 1 км 100 метр болатын аумағы жаңартылды. Сонымен қатар жергілікті бюджеттен қаражат бөлініп Жылтыр ауылы Самал көшесі бойынан балалар ойын алаңы салынуда. Жылтыр ауылындағы футбол алаңы газон төсенішін жаңартуға қаражат бөлінді.

Президентіміздің «Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасы туралы» бірінші жарлығы аясында «**Ауыл аманаты**» жобасы бастау алды. Жоба ауыл тұрғындарын аграрлық бизнеске барынша тартуға, олардың кірісін арттыруға, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді шешуге бағытталған. Жоба туралы халыққа толық түсіндіріліп, жобаның тиімділігін көруде. Округ бойынша жобаға қатысуға ниетті азаматтар құжаттары рәсімделуде. «Ауыл аманаты» жобасы бойынша тауарлық несие алушы 3 отбасы 30 бас сиыр алды. Қосымша тауарлық несие бойынша ұсақ мал алуға 6 адамның құжаттары рәсімделуде. Өсімдік шаруашылығы бойынша мақұлданды жобалар қатарында Шалқар ауылдық округінде орналасқан «Greenhouse Shalkar» АӨК-нің жобасы. «Greenhouse Shalkar» АӨК төрағасы Серікболсын Жексенбай «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасымен 5 млн тг несие алып, Жылтыр ауылынан көкөніс өсіретін жылыжай салып, 2017 жылдың сәуірінен бастап жұмыс жасап келеді. 2022 жылдан бастап, «Greenhouse Shalkar» АӨК құрып, «Ауыл аманаты» жобасы арқылы шаруашылығын кеңейтуді жоспарлаған. Қазіргі таңда, «Ауыл аманаты» жобасы аясында 18,0 млн тг көлемінде жылыжай ашу жобасы мақұлданды. Жобаға сәйкес аталған қаражатқа Жылтыр ауылынан жалпы көлемі 2800 шаршы метрге 10 жаздық, 2 қыстық, жалпы 12 жылыжай жұмыс жасайтын салынды. 2024 жылдың 1 тоқсанына округ бойынша жоспар әскерге шақырушылар саны-5, әскерге жарамды болып кеткендер саны 1 жас.

Округте қоғамдық саяси жағдай тұрақты, діни ахуал бір қалыпты. Сонымен қатар округке қарасты мекеме ұжымдарында да жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылуда. Екпе алуға қарсы азаматтар тіркелген жоқ. Орта мектеп оқушыларының түрлі діни ағымдарға еніп кетуінің алдын алу үшін мектептерде дін өкілдерімен кездесулер, семинарлар өткізіліп тұрады. Ағымдағы жылдың қаңтар айында Жылтыр ауылындағы "Т.Шанов атындағы ЖОББ мектебі" КММ-нің ұжымы мен оқушыларына Шалқар аудандық М.Қоқанұлы мешітінің бас имамы А.Медетбеков, Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығы КММ теолог маманы А.Жетпісбаев келіп "Жат ағым идеологиясынан қалай қорғануға болады және жат ағымның жастарға әсері", "Дінге артылса сенімің, имандылық болар сенімің" атты тақырыбында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Шалқар ауылдық округі бойынша ДДА тізіміндегі азамат(ша)лар мен ауыл тұрғындары, мекеме қызметкерлер, ата-аналар, оқушылардың

қатысуымен жергізілетін 2024 жылға атқарылатын жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылуда.

Шалқар ауылдық округінде 85 шаруа қожалық тіркеліп, жұмыс жасап жатыр. Округке қарасты шаруа қожалықтары негізінен мал шаруашылығымен айналысады.

Шалқар ауылдық округі бойынша биылғы қысқа түсетін мал саны:

**1. МІҚ- 4921 бас; Қой – 7886 бас; Жылқы – 4960 бас; Түйе – 890 бас;**

Ауылшаруашылығы бойынша мемлекеттік бағдарламалар, мал басын асылдандыру мақсатында округке қарасты шаруа қожалықтары бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылуда:

1) «Аманжол-Қазыбекұлы» қожалығы лизингке ауылшаруашылығы тракторын сатып алып пайдалануда.

2) «Жантөре» шаруа қожалығы жылқы малын сатып алуға 20 млн теңгеге несие алып мал басын көбейту жұмыстарымен айналысуда.

3) Жайылымдарды суландыру және мал фермаларын (құдықтар, құдықтар) сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымын құру бойынша шаруа қожалықтары мемлекеттік бағдарлама арқылы құдық қаздыруда. Құдық қазу жұмыстары жалғасуда.

4) Мал бордақылау алаңдарына бұқашық тапсыру тапсырмасы бойынша Ақтөбе облысы, Алға қаласындағы «Райымқұл» ЖШС-не округтен 200 бас бұқашық тапсырылды.

5) Мал басын асылдандыру мақсатында «Қопа» шаруа қожалығы 1 бас, «Қайрат-Жомарт», «Маяқұм», «Берекет», «Зият» 3 бастан асыл тұқымды бұқа әкеліп табынға қосты. Ауылдық округте 1 мал дәрігерлік ветеринариялық пункт меңгерушісі, 2 мал фельдшері, 2 санитар жұмыс жасайды.

6) «Мендеш» шаруа қожалығы лизингке ауылшаруашылығы техникасын алуға құжат рәсімдеуде

Мәселен, Биылғы жылдың қорытындысы бойынша мал азығының 2 айлық тапсырмасы – 26000 тонна болса, нақты орындалғаны 29200 тоннаны құрады. Мал азығымен қамтамасыз ету жұмыстары өз деңгейінде атқарылды.

Ауылдық округте 89 кәсіпкерлік субъектілері тіркелген, о/і : 82 шаруа қожалық, 1 ауылшаруашылық кооперативі, 2 азық-түлік дүкені, 1-шаштараз, 3- жеке монша, көкөніс өсіретін жылыжай жұмыс істейді. Жергілікті жылыжай өнімдері аудан орталығы, ауылдық елді мекен тұрғындарына ұсынылуда. Шалқар ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы КММ-сі «Кәсіпкерлікті дамытудың Ұлттық жобасы» аясында Еңбек нарығындағы сұранысқа ие жұмысшы мамандықтар және жұмыс берушілердің сұратуы бойынша 2022 жылы қысқа мерзімді 3-айлық кәсіптік оқуға Шалқар ауылдық округінен ниетті жұмыссыздарды қысқа мерзімді (тракторист) мамандығына 7 жұмыссыз, ветеринар мамандығына 1 жұмыссыз жіберілді. Жылтыр ауылынан-4 жұмыссыз, Талдықұм ауылынан-2 жұмыссыз оқуға

ұсынылып мамандығына сәйкес құжатын алып шықты.2021-2022 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы бойынша жаңа бизнес идеяларды ашу мақсатында 1 225 200 теңге көлемінде қайтарымсыз грант алған 3 азамат: Болатбай Бекарыс Дәуренұлы «Ұсақ мал шаруашылығын дамыту» жобасы бойынша,Мухамеджанов Нурбек Турсынбекович «Лазерлік гравировка» жобасы бойынша,Болатбай Ақниет Мақсатұлы «Мал шаруашылығын дамыту» жобасы бойынша өз кәсіптерін бастады.

Ағымдағы жылы жұмыссыздарды ақылы қоғамдық жұмысқа қабылдау тәртібі өзгеруіне орай округ бойынша жыл басынан ақылы қоғамдық жұмысқа Жылтыр ауылынан 12 адам,Талдықұм ауылынан 2 адам ақылы қоғамдық жұмысқа,италия шегірткесіне қарсы химиялық өңдеу жұмыстарына 2 адам,жастар тәжірибесі арқылы 1 жас жұмыс жасауда.Шалқар ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы КММ-сі «Кәсіпкерлікті дамытудың Ұлттық жобасы» аясында Еңбек нарығындағы сұранысқа ие жұмысшы мамандықтар және жұмыс берушілердің сұратуы бойынша 2024 жылы қысқа мерзімді 3-айлық кәсіптік оқуға Шалқар ауылдық округінен жұмыссыздар Тракторист-машинист,кондитер,сатушы ветеринар мамандықтары бойынша оқуға шақырылуда.2024 жылға Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмекке жүгінген отбасылар болған жоқ.

ОкругтеТ.Шанов атындағы ЖОББ мектебі және «Балбөбек-бөбекжай» балабақшасы бар.

Т.Шанов атындағы ЖОББ мектебінде 85 оқушы білім алуда. Оқу-тәрбие жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылы Т.Шанов орта мектебін 6 оқушы бітіріп, 7оқушы ҰБТ қатысты. 2 оқушы «Алтын белгі» иегері атанды, «Үздік аттестат» иеленді-1,ҰБТ көрсеткіші 69% - ды құрады. Мұғалімдер саны - 31, о/ішінде : жоғары білімді - 27 мұғалім, арнаулы орта білімді —4 мұғалім. Сапалық құрамы: педагог- модератор- 5,педагог-сарапшы-11,педагог-зерттеуші-3,I санатты- 5, II санатты - 3,санаты жоғы - 3.

Ағымдағы жылы «Мектепке жол»,«Жүректен жүрекке», «Адалдық жәрмеңкесі» акциялары бойынша көлемі-107 мың 195 теңгеге аз қамтылған көп балалы отбасының балаларына қайырымдылық көмек ұйымдастырылды. Аталған санаттағы оқушыларға жалпы білім беру қорынан 710 мың 391 теңгеге әлеуметтік пакет түріндегі материалдық көмек,яғни киім-кешектер,оқу құралдар берілді. Жыл басында аз қамтылған және көп балалы, толық емес отбасы балаларының тізімі жасалынып, анықталып, аз қамтылған, көп балалы отбасының баласы ыстық тамақпен және тегін кітаппен қамтылған. Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде оқушылардың әлеуметтік себептер бойынша материалдық көмек көрсетту мектебімізде жоспарлы жүзеге асырылуда.Ыстық тамақпен қамтылған оқушы саны-19.Мектеп оқушыларының қауіпсіздігің қамту мақсатында 16 бейнебақылау камералары мен турникет құрулы. Мектеп ғимараты ішінде 10 камера,

мектеп сыртында 6 бейнекамерамен жабдықталған.Т.Шанов мектебінде «Туған жерге тағзым» акциясы аясында 2 млн 469 мың 435 теңге көлемінде мектеп ғимаратынан 2 кабинет ашылып, спорттық жабдықтар берілді. «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы» жоспарға сай жұмыс жасайды. Балабақшада 14 қызметкер жұмыс жасайды. Жоғары білімді - 1, арнаулы орта білімді - 3.

Бала бақшада 1 жастан 5 жас аралығында 25 бүлдіршін тәрбиеленуде. Балалар қауіпсіздігін бақылау мақсатында ғимаратқа 14-бейне-бақылау камерамен жабдықталған. Аудандық тұтынушылардың құқығын қорғау басқармасының бекітіп берген күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізіледі.

2020 жылы пайдалануға берілген Жылтыр ауылы орталығындағы «Ауыл ел бесігі» жобасы аясында салынған 40 орындық стационарлық дәрігерлік амбулаториясы жұмыс жасайды. Дәрігерлік амбулаторияда 1 дәрігер, 3 медбике Шалқар, Шетырғыз ауылдық округі тұрғындарына медициналық қызмет көрсетеді. Ғимарат замануи техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Санитарлық автокөлікпен қамтылған. Ағымдағы жылдың сәуір айында аудандық жылжымалы медициналық пункт округте болып тұрғындарды медициналық тексерістен өткізді. 2024 жылдың осы кезеңіне 3 бала дүниеге келді.

Жылтыр ауылдық мәдениет үйі 1968 жылы іргетасы қаланған. Мәдениет үйі 2009 жылы күрделі жөндеуден өткізілген. Жылумен қамтылған және жарықтандырылған. Жылтыр ауылдық мәдениет үйінде 10 адам жұмыс жасайды. 1 директор, 1 мәдени ұйымдастырушы, 4 оператор, 4 кіші қызметкер тұрақты жұмыспен қамтылған. Сары Батақұлы атындағы Шалқар аудандық мәдениет үйі бекітіп берген жылдық жоспарға сәйкес 53 және қосымша бекітілген 12 мәдени іс-шаралар жыл бойы атқарылды. 53 мәдени іс-шаралардың 10 шара онлайн қашықтықтан қалған 43 шара офлайн өткізілді. Жылтыр ауылдық модельді кітапханасы Мәдениет үйінің ғимаратында орналасқан. Ұлттық спорт түрі аударыспақтан ауыл азаматы Сүйеубаев Алтай Муздыбаевич ағымдағы жылдың маусым айында Татарстанның астанасы қазан қаласында өткен аудаорыспақтан жарыста Әлем чемпионы атанып көк туымызды асқақтатып еліміздің мерейін көтерді. Кітапханада кітапханашының жұмыс орны және оқырмандарға арналған орындар бар, ғаламтор пайдаланушылар үшін 1 компьютермен жабдықталған. Кітапхананың оқу залында маңызды ақпараттық хабарламаларды қамтитын 3 көрме шкафы бар. Жылтыр ауылдық модельді кітапханасының кітап қоры – 8879, қазақ тілінде -6037. Кітап қорына жаңадан 176 кітап қосылған. Кітапхана оқырмандарының саны –615. Ауылдық кітапханада өткізілген іс-шара саны-36.

2020 жылға жергілікті бюджеттен «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасынан санитарлық-тазалық жұмыстарына ауылды күл-қоқыстан тазартуға 500 000 теңге , «Елді мекендерді

абаттандыру мен көгалдандыру» бағдарламасы бойынша 100 000 теңгеге көшеттер сатып алынып егіліп, көгалдандырылды. Жылтыр ауылының-2 көше, Талдықұм ауылы-2 көшесін жарықтандыруға және қосымша энергия үнемдегіш ЛЭД шамдарын сатып алуға 500 мың теңге жұмсалды.

Жылтыр почталық байланыс бөлімшесінде 1 адам тұрақты жұмыс жасайды. Байланыс бөлімшесінде төлемдер қабылданып, зейнетақы, мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігіне байланысты зейнетақы, көп балалы аналар жәрдемақысы уақытылы таратылып халыққа қызмет көрсетілуде..

Баспасөз жетісіне 2 рет тұрғындарға таратылады. Жылтыр ауылында «Қазақтелеком» 20 обонент, «Транстелеком» 30 обонент қолдануда. Талдықұм ауылы «Қазақтелеком» байланыс қызметтерін қолданады. Округ орталығы Жылтыр ауылы «KCELL», «Beeline» мобильді қызметтерін, «Транстелеком» кең жолақты интернет жүйесімен қамтылған. Газ тарату пунктінде-тұрақты жұмыспен 1 адам, «Ұлы-Борсық» ККМ су бекетіне қарасты Жылтыр су тарату бекетінде 3 адам тұрақты жұмыс жасайды. Сонымен қатар 1 электрик, 1 пайдаланылған электр қуаты төлемін жинайтын қызметкер жұмыс жасайды.

Жылтыр, Талдықұм ауылдары электр энергиясымен, Жылтыр ауылы орталықтандырылған табиғи газбен, ауыз сумен қамтылған. Талдықұм елді мекені қатты отын (көмір) тұтынады. Санитарлық талапқа сәйкес жер асты ауыз суын пайдаланады.

Жылтыр, Талдықұм елді мекен көшелері энергия үнемдегіш ЛЭД шамдарымен жарықтандырылған.

2023 жылға Талдықұм ауылына ауыз су сапасын жақсарту мақсатында скважина қазылып, су тұщытатын қондырға орнату жоспарлануда.

Ауылдық округті көгалдандыру жұмыстары бойынша Жылтыр елді мекеннің климаттық жағдайы толық зерттелгендігі, өсіп тұрған ағаш-бұта дақылдарын түгендеу жүргізілгендігі туралы және осыған байланысты ортақ пайдалану нысандарын (желекжол, саябақ) орналастыруды жобалау туралы жұмыстары жүргізілді. Дендрологиялық жоспар жасалды.

Ауыл аманаты бойынша Шалқар ауылдық округі бойынша жалпы тапсырылған жоба саны 16.

1. «Green house shalkar» Жексенбай Серікболсын Жексенбайұлы мақұлданған суммасы 18 000 000 млн. Бағыты «Өсімдік шаруашылығы» құрылысқа қажетті материалдарды сатып алды. Құрылыс жұмыстары басталды.

2. Қарпық Бауыржан Иманқұлұлы. Бағыты құс шаруашылығы. Мақұлданған несие суммасы 4 000 000 млн. Қазіргі таңда бизнес жоспарға сәйкес құрылысқа қажетті материалдар мен тауықтарды сатып алып жұмысын бастап кетті.

3. Кушербаева Райгул Алпысбаевна. Бағыты Сүт өнімдерін өңдеу. Мақұлданған несиесінің суммасы 7 800 000 мың. Құрылысқа қажетті заттарын сатып алуда.

4. Алмағанбетов Болат Қойшыбайұлы. бағыты «Құс» шаруашылығы. Мақұлданған несиесінің суммасы 7 000 000 млн. Өз еркімен несиеден бас тартты

5. Болатбай Бекарыс Дәуренұлы. бағыты «Құс» шаруашылығы. Мақұлданған несиесінің суммасы 2 300 000 млн. Қазіргі таңда егу жұмыстарын бастап кетті

6. Болатбай Бекарыс Дәуренұлы. бағыты «Өсімдік» шаруашылығы. Мақұлданған несиесінің суммасы 4 000 000 млн. Қазіргі таңда құрылысқа қажетті бұйымдарын сатып алды жеткізуін күтілуде.

7. Сүлейменова Гаухар Нұрланқызы. бағыты «Өсімдік» шаруашылығы. Мақұлданған несиесінің суммасы 5 900 000 млн. Өз еркімен бас тартты

8. Сүйеубаева Бибігүл Мұздыбайқызы. бағыты «Құс» шаруашылығы. Мақұлданған несиесінің суммасы 1 500 000 млн. Өз еркімен бас тартты

9. Еш尼亚зов Оңғар Аманғалиұлы. бағыты «Өсімдік» шаруашылығы. Мақұлданған несиесінің суммасы 4 500 000 млн. Өз еркімен бас тартты.

10. Қыстаубаева Тойдық Таңтарқызы. бағыты «Сүт өнімдерін өңдеу». Несиесінің суммасы 3 527 000 мың. Өз еркімен бас тартты

11. Бұрқанов Дәурен Болатбайұлы бағыты «Құс» шаруашылығы. Несиесіне тапсырылған суммасы 4 600 000 млн. Несиесі тарихы дұрыс болмауына байланысты мақұлданбады

12. Бұрқанов Дәурен Болатбайұлы бағыты «Өсімдік» шаруашылығы. Несиесіне тапсырылған суммасы 4 600 000 млн. Несиесі тарихы дұрыс болмауына байланысты мақұлданбады

13. Сүйеубаева Бибігүл Мұздыбайқызы бағыты «Құс» шаруашылығы. Мақұлданған несиесінің суммасы 1 500 000 млн. Несиесіні алудан өз еркімен бас тартты

14. Есмырза Раушан бағыты «Құс» шаруашылығы. Несиесіне тапсырылған суммасы 7 000 000 млн. Қаралуда

15. Қосымша «Қарақат» жылыжай кешенінің құжаттары жинақталуда

16. Бұрқанов Мақсат Болатбайұлы «Монша» құрылысы. Несиесіне тапсырылған суммасы 7 850 000 млн. Қазіргі таңда ақша қаражатының түскенін күтілуде

17. Кусабаев Серик. «Жылыжай» кешені. Несиесіне тапсырылған суммасы 7 800 000. Қазіргі таңда ақша қаражатының түскенін күтілуде

Қосымша 3 жоба дайындалуда. Қарпық Бауыржан «Асыл тұқымды» ешкі шаруашылығы, Уралбаев Боранбай «Жылыжай» кешені, Жайылханов Берік «СПК Қарақат» кооператив 16 млн.

Округке учаскелік полиция инспекторы бекітіліп, жоспарға сай жұмыс жасауда. Жыл басынан бері 5 қылмыс тіркеліп, оның 4 ашылды. 3-қылмыс мал ұрлығы, 2-ұрлық.

Кәмелетке толмағандар арасында есепте тұрғандар жоқ. Көңіл көтеру орындарында және көшелерде түнгі мезгілде жүрген балаларды анықтау мақсатында Т.Шанов мектеп мұғалімдерімен бірлесіп рейдтер ұйымдастырылған. Жасөспірімдер арасында тәртіп бұзуын болдырмау мақсатында ата-аналармен бірлесе отырып жұмыстар атқарылып келеді.

Шалқар ауылдық округі бойынша Мал ұрлығының алдын алу бойынша ауыл жанынан комиссия құрылып жұмыс жасауда. Мал ұрлығының алдын алу мақсатында GPS трекер орнату жөнінде, мал басын бірдейлендіру бойынша түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылуда. Қазіргі таңда «Дәулет-М», «Тұз», «Айнұр» шаруа қожалықтары жеке жылқы малына GPS трекер алып пайдалануда.

Сыбайлас жемқорлыққа, ұсақ құқық бұзушылыққа, нашақорлыққа қарсы күрес, құқық бұзушылықтың алдын алу, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес бойынша іс-шаралар жоспары жасалып, жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Есіктен есікке» «Ақтөбе адалдық алаңы» жобасы аясында жоспарға сәйкес халық арасында жаднамалар таратылып, кең көлемді шаралар атқарылып келеді. Атқарылған іс-шаралар туралы БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары арқылы) мен әлеуметтік желілерге уақытылы жарияланып отыр.

Округ бойынша өткізілген әлеуметтік, мәдени, спорттық іс-шараларға қызметкерлер мен ауыл тұрғындары ұйымшылдықпен атсалысуда.

### **Қорытынды**

Ауылдық округті одан әрі дамыту үшін ұсынылады:

1. Ауылды құм басуды тоқтату жұмыстарын жалғастыру
2. «Ауыл аманаты» жобасы бойынша шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту
3. Мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын кеңейту
4. Ауылдық округтегі абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын жандандыру
5. Кіре-беріс сексеуіл қоршауын жөндеу жұмыстары
6. Жылтыр ауылы орталығынан балалар ойын алаңын салу
7. Талдықұм ауылы байланыс жүйесін орнату
8. Талдықұм ауылына скважина қаздырып, су тұщытатын қондырғы орнату

### **Пайдаланылған әдебиет тізімі**

1. Сатыбалдин, А. А. Концептуализация развития сельских территорий / А. А. Сатыбалдин, А. Т. Тлеубердинова, К. В. Кулик

// Экономика: стратегия и практика. – 2021. – Т. 16, № 3. – С. 6-21.  
– DOI 10.51176/1997-9967-2021-3-6-21.

2. Акимбекова, Ч.У. (2021). Проблемы и перспективы казахстанского села в условиях развития сельских территорий. Официальный сайт казахстанской сельскохозяйственной газеты «Аграрий Казахстана», 7(117), 6-7. <http://abkaz.kz/problemy-i-perspektivy-kazaxstanskogo-sela-vusloviyah-razvitiya-selskix-territorij>
3. Булхаирова, Ж.С. (2013). Устойчивое развитие сельских территорий Казахстана. Lap Lambert Academic Publishing, 272.
4. Сигарев, М.И., Палагина, И.А. (2013). Формирование механизма устойчивого развития сельских территорий Казахстана. ҚазЭУ хабаршысы, 3, 15-20.